

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

Г. Ж. Искакова

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Филология және педагогика факультеті, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

КӨРКЕМ МӘТІНДЕ АВТОР МОДАЛДЫЛЫҒЫНЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада лингвистикалық зерттеулер контекстіндегі модалдылық ұғымы кеңінен сипатталып, қазіргі лингвостилистика мен мәтін лингвистикасындағы модалдылық категориясын зерттеудің қысқаша тарихы ұсынылған. Автор модалдылығы көркем мәтінді түзуші, ұйымдастырушы рөл атқаратын категория ретінде қаралады. Сондай-ақ, автор модалдылығы коммуникативтік-прагматикалық және субъективті-бағалау категориясы ретінде зерттелді. Синтаксисте стилистикалық құралдардың ролі, атап айтқанда, төл сөз, төлеу сөз және ортақ төл сөз құрылымдарынан тұратын бөгде сөздің берілу формаларының парадигмалары көрсетілген.

Көркем мәтінде бөгде сөз мазмұндау түрінде беріледі, атап айтқанда, бөгде сөздердің тізбегі ретінде, яғни төл сөз, төлеу сөз және ортақ төл сөз арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, мәтіннің әртүрлі фрагменттерінде бөгде сөздің негізгі берілу жолдарының комбинациясы әртүрлі болуы мүмкін, нәтижесінде аралас құрылымдар пайда болып, күрделене түседі. Мақалада автордың модалдылығын білдірудің тәсілі ретінде ортақ төл сөздің қызметі қарастырылады. Мақала авторының пікірінше, көркем мәтіндердегі ортақ төл сөз жоспардың екіжақтылығымен, яғни автордың сөйлеуі мен кейіпкердің сөйлеуінің тұтасуымен сипатталады және көбінесе лепті, сұраулы сөйлемдер, синтаксистік құрылымдар арқылы жүзеге асады. Бұл құрылымдардың семантикасы модалдылықтің әртүрлі реңктерін қамтиды, оларды анықтау шығармада автордың қатысуын айқындауға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: модалдылық, автордың ұстанымы, автор модалдылығы, көркем мәтін, стилистикалық құралдар, төл сөз, төлеу сөз, ортақ төл сөз, автор.

Кіріспе

Әр түрлі жанрадағы мәтіндерде модалдылық және оны жүзеге асыру тәсілдерін зерттеу қазіргі тіл білімінде антропоцентрикалық парадигма аспектісінде қарастырылады. М. В. Ляпон, О. М. Лотман, И. Р. Гальперин және В. А. Маслова сынды ғалымдардың пікірлерін ескере келе, тілді антропоцентристік бағытта зерттеу дегеніміз – тіл мен таным арақатынасының адамға қатысты мәселені шешумен түйінделуі, ал мәтіннің антропоэзектілігі негізінде мәтінді адам (автор) жасап, оқырманға ұсынуы, сәйкесінше, оқырманның оны қабылдауы және модалдылықты автордың арнайы құралдар арқылы жеткізуі жатыр деп есептейміз.

Модалдылық категориясын зерттеу тарихы модалдылықтың объективті және субъективті аспектілерін қарама-қарсы қоюдан біртіндеп бас тартып, оның мәні сөйлеушіден шыққан субъективті қатынастарды құрайтын монолитті санат ретінде түсіндірілуіне әкеледі. Қазіргі лингвистикада «модалдылық» ұғымының көлемі біршама кеңейді, оның ауқымына кез келген коммуникативтік өріс, соның ішінде: сөйлеу, білім, пікір, бағалау өрістерін қамти бастады.

А. В. Бондарко, М. Г. Милютина, С. С. Ваулина, Н. Е. Петров, Н. Ю. Павловская және т.б. ғалымдардың еңбектерін қарастыра келе, модалдылық категориясы функционалдық-семантикалық тәсіл аспектісінде субъектінің қарым-қатынасын, автордың объектіге, баяндалып жатқан оқиғаға қатынасын білдіретін санат ретінде кеңінен түсіндіріліп, әр түрлі деңгейлі тіл құралдарымен көрініс табатынына көз жеткіздік. Модалдылық категориясы:

- 1) бағалау лексикасы;
- 2) модальды сөздер мен демеуліктер;
- 3) арнайы лексика-грамматикалық сөздер тобымен, сондай-ақ функционалдық жағынан жақын сөз тіркестері мен сөйлемдер;
- 4) сөзжасам қосымшалары;
- 5) сөз тәртібі;
- 6) одағайлар;
- 7) композициялық әдістер арқылы көрініс табады.

Мәтін лингвистикасы мен модальділік категориясының болмысы лингвистикада түбегейлі зерттеуді қажет ететін, аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мәтін модалдылығы категориясын, оның қолданылу аясын, «баяндау субъектісі», «автор бейнесі» сияқты тілдік категориялардан ерекшелігін, семантикалық көлемін және оның берілу тәсілдерін зерттеу жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің нысаны: көркем мәтінде автор модальдылығының берілу жолдары (қазақ жазушысы Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» атты романы және қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың «Жанпида» романы негізінде)

Зерттеудің пәні: көркем мәтінде автор модалдылығын білдіретін тілдік бірліктер.

Мақсаты: Ә. Кекілбаев пен Ш. Айтматов шығармаларындағы авторлық модалдылық категориясын жүзеге асырудың тілдік құралдарын функционалдық-семантикалық, стильдік, прагматикалық тұрғыдан талдау болып табылады.

Міндеттері:

- тіл біліміндегі «мәтін модалдылығы» категориясын зерттеуге арналған еңбектермен танысып, ғалымдардың пікірлерін сұрыптау;
- «баяндау субъектісі», «авторлық модалдылық», «автордың бейнесі» ұғымдарының қарым-қатынасын нақтылау;
- Ә. Кекілбаев пен Ш. Айтматов шығармаларындағы авторлық модалдылық мазмұнының негізгі ерекшеліктерін қарастыру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Зерттеу барысында мәтінді құрылымдық-семантикалық талдау, контекстік талдау, салыстырмалы әдіс қолданылды.

Зерттеу жұмысында көркем мәтінде автор модалдылығының берілу жолдары, оның ішінде «бөгде сөз» арқылы беру тәсілдерін қарастырылды. Мәтіндегі біртұтас ойды оқырманға түсінікті етіп жеткізуде автордың өзіндік көзқарасын, мәтінде айтылған жайға қатынасын, көңіл-күй сезімдерін білдіретін әр түрлі тілдік тұлғалар мен әдіс-тәсілдер бар.

Алғаш рет модалдылықты мәтіндік санат ретінде И. Р. Гальперин (1981) қарастырған болатын. Ол модалдылық анықтамасын тұжырымдамас бұрын «мәтін модалдылығы» категориясының мәнін бірқатар белгілер арқылы көрсеткен: субъективтілік, мәтінде ол грамматикалық емес, функционалдық-семантикалық сипатқа ие, мәтіннің әр түрлі фрагменттерінде әркелкі келіп, кейіпкерлердің сипаттамасы арқылы берілуі, мәтінді бөліктерге бөлу, автордың сентенциясы, мәтіннің жекелеген бөліктерін өзектендіру және т.б. арқылы көрініс табады [1, 36].

Мәтіндік модалдылықтың қалыптасуына экстралингвистикалық факторлар, яғни суреттеу объектісі, автордың тілдік тұлғасы, оның әлемді қабылдау ерекшеліктері және т.б. айтарлықтай әсер етеді.

И. Р. Гальпериннің пікірінше, мәтіннің тілдік және логикалық критерийлері (ақпараттылығы, тұтастығы, аяқталуы, байланыстылығы, мүшеленуі, ретроспекция, проспекция, мәтін кесінділерінің мағыналық тұтастығы, коммуникативтік бағыты) [1, 139] модалдылық категориясы арқылы жүзеге асады. Демек, модалдылық – мәтіннің міндетті санаты.

Модалдылық категориясының функционалдық қызметі мәтінді біртұтас жүйе ретінде қабылдауды қамтамасыз етеді. Бұл категория мәтіннің логико-

құрылымдық компоненті ретінде әрекет ете отырып, мәтінді ұйымдастыруда ерекше рөл атқарады.

Лингвистикада автор шығармашылығының таза сипаты интенционалдық категориясымен байланыста қарастырылады.

Интенционалдық ұғымының астарында, А. П. Бондарконың пікірінше, «автордың ниетін, баяндап отырған жағдаятқа қандай мағыналық жүк артқысы келгенін келесі категориялар арқылы анықтауға болады: уақыт (кең мағынада – қарқындылық), іс-әрекеттің уақытпен жүріп өту сипатын, бір мезгілде/бір мезгілде емес, реалды/ирреалды, уақытша қолайлылық/ ыңғайсыздық, дербестік сияқты санағтармен қамтылған мағыналар» [2, 33]. Бұл жағдайда мәтін тұтас шығарма ретінде қабылданып, мәтіннің семантикалық функциялары автор (сөйлеуші) ниетімен, сөйлеу қызметінің коммуникативтік мақсаттарымен байланысты болады.

Көркем мәтіндер – бұл объективті деректер, автордың тілдік тұлғасын жүзеге асыру нәтижесі, мәдениет феномені, мәтінді жасау кезіндегі субъективті (жеке, адами) фактордың мәтіннің сипатына, құрылымына және қорытынды мағынасына әсер етуі. Басқаша айтқанда, мәтін автордың тілдік тұлғасын іске асырудың нәтижесі болып табылады.

Авторлық модалдылық мәселесі көптеген ғылыми еңбектерде өз көрінісін тапқан және бір ұғымды терминологиялық тұрғыдан әр түрлі сипаттаған: «автордың бейнесі» (В. В. Виноградов); «автор-жасаушы», «бастапқы автор», «қайталама автор» (М. М. Бахтин); «концептелген автор», «сөйлеу субъектісі», «сана субъектісі» (Б. О. Корман); «баяндаушы/ әңгімелеуші бейнесі»; «автор дауысы» (И. Б. Роднянская, В. В. Кожин); «автор модалдылығы» («И. Р. Гальперин, Л. Г. Барлас, О. Е. Вихрян, Н. С. Ватина); «авторлық ұстаным»; «нарратор», «фокализатор» (Е. В. Падучева). және т. б. Десек те, ХХ ғасырдың 20 жылдарынан бастап «автордың бейнесі» термині кеңінен таралып келеді.

Басқа жанр мен стильдердегі «автордың бейнесі» ұғымы көркем шығармадағы «автор бейнесі» ұғымынан айтарлықтай ерекшеленеді.

«Басқа жанрдағы мәтіндерде баяндаушының басты мақсаты – оқырманға өз ой-пікірлерін, көзқарастарын және бағалауын ашық түрде жеткізіп, авторын нақты таныту болып табылады. Сондықтан авторизациялау дәрежесі өте жоғары және авторлық модалдылық әрқашан ашық көрсетілген» [3, 102 б.].

«Публицистика үшін автордың бейнесі емес, автор нақты тұлға ретінде маңызды. Оның көзқарасы, қоғамдық ұстанымы, тіпті жеке қасиеттері. Егер көркем әдебиетте баяндаушы авторды анықтау мүмкін емес болса, ал публицистикада автор мен мәтіннің арасында делдалдық буындар жоқ» [4, 129].

Ал ғылыми-оқу және ғылыми-іскери стильдегі мәтіндер үшін авторлық ұстанымның жасырын түрі тән.

Ғылыми-көпшілік жанр үшін «автордың бейнесі» туралы емес, «автордың ұстанымы» туралы айтқан жөн, «өйткені бұл жерде автордың қатынас пәніне көзқарасын білдірудің әртүрлі құралдары, сондай-ақ бар ғылыми көзқарастарды, теорияларды, пікірлерді және т.б. авторлық бағалауы туралы айтылады» [5].

Көркем мәтінді талдау кезінде авторлық «мен» және оның мәтінде жүзеге асырылуын назардан тыс қалдырмау қажет. Авторлық «мен» көркем мәтінде автор модалдылығы категориясымен жүзеге асырылады. Автор модалдылығы – мәтіннің көркемдік дискурс деңгейіндегі категориясы, өйткені ол мәтінді қабылдаудың коммуникативтік контекстінде іске асырылады; авторлық модалдылық интегративті болып табылады, бұл мәтіннің формальды-грамматикалық және концептуалды-семантикалық құрылымында көрінеді; авторлық модалдылық мәні бойынша диалогтік санат болып табылады, өйткені ол мәтіннің бастапқы идеясын түсінудің эстетикалық актісінде («автор-оқырман» диалогы) сөз субъектілерінің қарым-қатынастары жүйесінде іске асырылады.

Авторлық модалдылық категориясы автордың коммуникативтік интенцияларын мәтіндік модалдылық категориясында жүзеге асыруын айтамыз. Авторлық «мен» мәтіннің субъектілік перспективасына сәйкес келетін мәтіндегі тіл субъектілері мен олардың қарым-қатынастары жүйесінде жүзеге асырылады. «Субъектная перспектива» термині алғаш рет 1973 ж. Г. А. Золотованың «Очерк функционального синтаксиса русского языка» кітабында қолданылған, ал субъектілік перспективаның схемасы Н. К. Онипенкомен бірлесе жазған «Коммуникативная грамматика русского языка» кітабында ұсынылды.

Г. А. Золотованың сөйлеудің құрылымдық-композициялық формалары туралы («коммуникативтік сөйлеу регистрлері») ілімі, олардың жүйесі шындықты қабылдау мен ұсынудың әртүрлі тәсілдерінің модельдерін білдіреді; бес субъекті аймағы көрсетілген сөйлеудің субъектілік перспективасының схемасы келтіріледі, мұнда S4 – сөйлеуші субъекті және S5 – адресат. Көркем мәтінде S4 әңгімелеуші немесе баяндаушы, ал адресат – оқырманды білдіреді [6, 76].

Автордың ойы дегеніміз – шығармашылық қызмет нәтижесінде туатын автор модалдылығы категориясы арқылы жүзеге асатын көркем мәтіннің идеясы, мәні.

Көркем мәтінде автор модалдылығының берілу жолдарын, оның ішінде «бөгде сөз» арқылы беру тәсілдерін қарастыралық.

Біреудің ешбір өзгеріссіз, дәл берілген сөзімен оны жеткізушінің (сөйлеушінің я жазушының) сөзінің өзара байланысынан, қарым-қатынасынан болған құрылысты төл сөз құрылысы дейміз. Төл сөз

құрылысы – белгілі бір дәуірдің ғана жемісі емес, талай замандар бойында қалыптасқан тарихи категория.

Көркем сөз шеберлері – жазушылар өз шығармаларында персонаждарының арасындағы қатынасты, тартыс-шиеленісті олардың сөздерімен бергенде, төл сөз құрылысын да кенінен пайдаланады. Төл сөз құрылысы нақты төл сөз – автор сөзінің құрылысынан абстракцияланады, солардың негізіндегі жалпылық қасиеттен жасалады.

Төл сөз құрылысының өзі іштей мағыналық және интонациялық жақтан бір-біріне сәйкес келмейтін екі бөлімнен тұрады:

- а) төл сөз;
- ә) автор сөзі.

Сөйлеушінің (я жазушының) өз сөзі ішінде біреудің сөзінің ешбір өзгеріссіз, барлық ерекшелігі сақталып айтылуын айтылуын төл сөз дейміз.

Төл сөзді ішіне алып, онымен қоса айтылған сөйлеушінің (я жазушының) өз сөзін автор сөзі дейміз [7, 5–6].

Мысалы:

Есіктен атамай жатып:

– Босқындардың саны жүз мыңға жетті, – деді.

– Бесінге дейін біздің әскердің санынан асып кетуі мүмкін, – деді әмірлердің бірі [8, 20].

Берілген сөйлемдердегі «Босқындардың саны жүз мыңға жетті. Бесінге дейін біздің әскердің санынан асып кетуі мүмкін» деген кейіпкерлердің сөздері ешбір өзгеріссіз айтылған күйінде беріліп тұр, яғни бұл төл сөз. Төл сөз бен автор сөзі «де» көмекші етістігінің деді, деп, деген, дейді, дегендей, дей жаздады, деген екен тұлғасындағы түрінің бірімен байланысады, берілген мысалда «деді» көмекші етістігі қолданылған.

Автор біреудің айтқанын я ойлағанын төл сөз күйінде бермей, өз тарапынан өзгеріске түсіріп беруі де мүмкін. Мұндайда біреудің сөзінің не туралы айтқаны, негізгі ойы сақталады да, оның өзіне тән сөздері, сөйлемдік қасиеті жойылады. Біреудің сөзі автор сөзімен логикалық-грамматикалық жақтан толық ұласып, мағыналық-интонациялық бірлік құрайды. Сонымен, біреудің сөзінің автор тарапынан өзгеріске ұшырап берілу түрін төлеу сөз дейміз [7, 60–61].

Мысалы: Осы кезде Салыйқа шығып, қонақтарға ас піскендігін айтты (С. Мұқанов Ботакөз).

Ғалым А. Әбілқабев ортақ төл сөз жөнінде: «Қазақ тілінде төл сөз бен төлеу сөздің бұл айтылғандардан да басқа түрі – ортақ төл сөз бар. Ортақ төл сөз дейтін себебіміз: төл сөздің бұл түрі персонажға да, автордың өзіне де ортақ болып келеді. Автор персонаждың ойын, арманын, тілегін сырттан суреттеуші, сырттан сезуші адам ретінде емес, персонажымен бірге соны өз басынан кешіруші адам болып көрінеді. Сондықтан да бұл автор сөзінен

ерекше бөлінбей, автор тарапынан арнаулы түсінік сөзді керек етпей, онымен тығыз байланыста, бірлікте айтылады.

Біздің тіліміздегі ортақ төл сөз деп отырғанымыз орыс тіліндегі «несобственная прямая речь» немесе «свободная косвенная речь» дегенге сәйкес келеді. Орыс тілі мамандары төл сөздің бұл түрін көркем әдебиетте кеңінен қолданылатын ерекше стильдік тәсіл деп қарайды.

Ортақ төл сөздің кәдімгі төл сөзден де, төлеу сөзден де өз алдына ерекшелігі: ол – автор сөзінің түсінік сөзін қажет етпейді. Екіншіден, мұның интонациясы, өзіне тән сөздері және синтаксистік құрылысы төл сөзге ұқсағанымен, біреудің өз аузынан айтылған нақты төл сөзі емес, оның атынан автордың топшылағаны түрінде болады. Бұл жағынан ортақ төл сөз төлеу сөзге жақындайды. Алайда мұнда төлеу сөзге тән байланыстырушы дәнекерлер (табыс септігі т.б.) және біреудің сөзі, ойы бар екенін көрсететін айтуға, ойлауға байланысты етістіктер айтылмайды» – деген тұжырым жасайды [7, 72–73].

Ғалым Б.Шалабай: «Ортақ төл сөз суреттеліп отырған жайға автор көзқарасы мен кейіпкер көзқарасын біріктіріп, бір құрылым бойында беретін баяндау тәсілі», – деп анықтама береді [9, 35].

Мысалы:

Ханым кейде өзінің сол мінезіне өзі қайран қалады. Шынында, мұның өмірін тамұқ қылып жүрген, ең алдымен, сол емес пе... Міне, сарайдан шыға алмай сарғайып отырғанына әлденеше күн болды. Ол соны білмей жатыр дейсің бе?... Ендеше, мұның күнәкар көзін құртып неге тынбайды? Әлде өзі салған азап аз болғандай өкініш пен ызағы, өсек пен табаға, жанын жегі құрттай жеп жатқан қапырық қасіретке талатпақ па? Бұдан ызасын солай алғысы келген шығар [8,125].

Автор кіші ханымның басындағы көңіл-күйін суреттеуді ортақ төл сөз арқылы шебер ұштастырған. Мұнда автор кейіпкердің ойын, өзінің ойымен ортақтастыра келе, кейіпкер атынан топшылап отыр.

Ортақ төл сөз автордың субъектілік жоспарларын және таңбаны біріктірудің стилистикалық тәсілі ретінде анықталады. Ортақ төл сөзде бір уақытта екі дауысты естуге болады: автор және кейіпкер дауысы. Ортақ төл сөзді қалыптастыру белгілері мен тәсілдері келесідей: лексикалық (лексикалық бірліктер, олардың кейіпкерге бағытталған модалдылығы) және грамматикалық: грамматика-морфологиялық (коммуникативтік аспектіде) етістің грамматикасы) және синтаксикалық (экспрессивті синтаксистің конструкциялары (Г. Н. Акимова)).

Төл сөз құрылысы кейіпкер естелігі арқылы авторлық модалдылықтың маңызды сәттерін таңбалайды; автор төл сөз құрылысы арқылы шығарма кейіпкерінің белгілі бір оқиғаны еске алу, еске түсіру уәжін (мотивін) енгізеді;

Төл сөз кейіпкердің ойын, көзқарасын көрсетеді. Авторлық модалдылық

аспектісінде төл сөзді талдауда төл сөздің жеке құрылымдары көркем мәтіннің концептуалды-маңызды мағынасын іске асыратын, үлкен эстетикалық маңызға ие деген қорытындыға келдік. Олардың ішінде жанама түрде немесе түсіндіруші негізде автордың идеологиялық ұстанымы көрінеді.

Мысалы:

Бостан да ұшып түрегелді. Енді екеуі бетпе-бет келіп қалды.

– Тектен текке тантыма, – деп Бостан Базарбайдың арынын басты. – Мен сені фашист деген жоқпын, аузыма түспепті, әйтпесе айтатын едім. Ал сені арандатушы, әрі мисыз зұлым дегенім рас. Мен оны саған бұрын да айтқанмын, қазір де айтамын. Бірақ енді маған тиіспей, өз орныға барғаның дұрыс болар.

– Мен қайда барам, не істеймін, оны сен маған үйретпе! – деп Базарбай шыннан ақиланды. – Маған үйрететін сен емес. Ұрдым мен сен сияқтыны, жарайды, мен арандатушы бола қояйын, сонда сен өзің кімсің? Сенің кім екеніңді жұрт білмейді деп ойлайсың ба? Ерназардың көзін құрттым – енді жым-жылас, ешкім ештеңе білмейді деп ойлайсың ғой. Сен сұм, Ерназардың көзі тірісінде-ақ оның әйелімен әмпей-жәмпейлесіп қойғансың, ал кемпірің болса өлетіні белгілі еді. Сөйтіп, сен Ерназарды асудағы мұз оқпанға құлатып жіберіп, ана Гүлімханға үйленіп алмақшы болдың. Ал бұлай емес деп дәлелдей қойшы, кәне. Шыңырауға неге сен құламай, Ерназар құлайды?.. [10, 446].

Бұл мысалда автор тағдыры, көзқарастары, өмірлік ұстанымдары екі түрлі адамдар арасындағы шиеленісті, қақтығысты көрсетуде төл сөз бен төлеу сөзді шебер қолданған. Әрі шығармада автор ұстанымы да айқын көрініс тапқан. Соңғы сөйлемдегі «анау болса» тіркесінің өзінен автордың адамдардың сондай әрекетіне, қылығына деген жиіркенішін көруге болады.

Авторлық модалдылық аспектісінде төл сөз бен төлеу сөз құрылымы мен функцияларын талдау барысында кейіпкерлердің сөйлесуінде (төл, төлеу сөз арқылы) автор өз көзқарасын шеттетпейтініне, баяндаушы дауысы естіліп тұратынына көзіміз жетті. Төл сөз бен төлеу сөзді автор «өз мақсаттарында» пайдаланады, яғни автор төл сөз бен төлеу сөзді көркем шығарманың тұжырымдамалық маңызы бар мағынасын, идеясын қалыптастыруға және іске асыруға қатысатын бөлігі етіп құрайды. Нәтижесінде автор өзінің көзқарасын мәтін модулінде «авторлық емес» құрылымдар арқылы береді, оқырманның субъектілік жоспарында жүзеге асырылады.

Қорытынды

Көркем мәтіндегі төл сөз, төлеу сөз және ортақ төл сөздерге талдау жасай келе, тұтас шығарманы жасауда автордың көзқарасы, ұстанымы әрдайым шығармадан шеттетілмейтініне көзіміз жетті. Ал автор модалдылығы мәтінді түзуші, ұйымдастырушы рөл атқаратын категория деген тұжырымға келдік. Мәтіннің өн бойында шарттылық бар, бірақ автор стратегиясы шығарманың

мәнін тереңдетуге бағытталады. Мәтіннің шарттылық құрылымы автордың тілдік бейнесін, көркем және эстетикалық позициясын, оның сан қырлы көзқарастарын білдіреді.

Автордың ойы мәтінде мәтіннің грамматикалық құрылымы мен мағыналық аспектісін біріктіретін авторлық модалдылық категориясы арқылы жүзеге асырылады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Гальперин, И. Р.** Текст как объект лингвистического исследования [Текст]. – М., 1981. – 183 с.

2 **Бондарко, А. В.** Функциональная грамматика [Текст]. – Л. : Наука, 1984. – 136 с.

3 **Ваулина, С. С.** Эволюция средств выражения модальности в русском языке (XI–XVII вв.) [Текст]. – Л., 1988. – 143 с.

4 **Чибук, А. В.** Средства выражения авторской модальности в публицистических текстах (на материале СМИ Германии) [Текст]. // Вестник Военного университета. – 2010. – № 4 (24). – С. 128 – 133.

5 **Муранова, О. С.** Способы выражения позиции автора в тексте научно-популярной статьи // Известия РГПУ им. А. И. Герцена. 2009. № 89. [Электронный ресурс]. – URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/sposoby-vyrazheniya-pozitsii-avtora-v-tekste-na-uchno-populyarnoy-stati>.

6 **Золотова, Г. А.** Коммуникативная грамматика русского языка/ Г. А. Золотова, Н. К. Онипенко, М. Ю. Сидорова. [Текст]. – М. : Наука, 2004. – 544 с.

7 **Әбілқасев, А.** Қазақ тіліндегі төл сөз бен төлеу сөз [Текст]. – Алматы : Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1956. – 76 б.

8 **Кекілбайұлы, Ә.** Он екі томдық шығармалар жинағы [Текст]. – Алматы : «Өлке» баспасы. – Т. 3. – 1999. – 400 б.

9 **Шалабай, Б.** Қазақ тілі білімінің мәселелері [Текст]. – Алматы : «Арда», 2016. – 488 б.

10 **Айтматов, Ш.** Жанпида [Текст]. – «Жалын» баспасы, қазақша аудармасы, 1988. – 323 б.

References

1 **Gal'perin, I. R.** Tekst kak obyekt lingvisticheskogo issledovaniya. [Galperin, I.R. Text as an object of linguistic research] [Text]. – М., 1981. – 183 p.

2 **Bondarko, A. V.** Funktsional'naya grammatika [Bondarko, A.V. Functional grammar.] [Text]. – L. : Science, 1984. – 136 p.

3 **Vaulina, S. S.** Evolyutsiya sredstv vyrazheniya modal'nosti v russkom yazyke (XI-XVII vv.). [Vaulina, S. S. Evolution of the means of expressing modality in the Russian language (XI-XVII centuries)] [Text]. – L., 1988. – 143 p.

4 **Chibuk, A. V.** Sredstva vyrazheniya avtorskoj modal'nosti v publitsisticheskikh tekstakh (na materiale SMI Germanii) [Chibuk, A. V. Means of expressing the author's modality in publicistic texts (based on the material of the German media) [Text]. // Bulletin of the Military University.] – 2010. – № 4 (24). – P. 128 – 133.

5 **Muranova, O. S.** Sposoby vyrazheniya pozitsii avtora v tekste nauchno-populyarnoy stat'i [Muranova, O. S. Ways of expressing the author's position in the text of a popular scientific article] // Izvestia: Herzen University Journal of Humanities & Sciences. – 2009, № 89. [Electronic resource]. – <http://cyberleninka.ru/article/n/sposoby-vyrazheniya-pozitsii-avtora-v-tekste-na-uchno-populyarnoy-stati>.

6 **Zolotova, G. A.** Kommunikativnaya grammatika russkogo yazyka [Zolotova, G. A. Communicative grammar of the Russian language / G. A. Zolotova, N. K. Onipenko, M. Yu. Sidorova.] [Text]. – M. : Nauka, 2004. – 544 p.

7 **Äbilqaeв, A.** Qazaq tilindegi töl söz ben tölew söz. [Abylkayev, A. The original word and the word of payment in the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Kazakh State Educational Publishing House, 1956. – 76 p.

8 **Kekilbayulı, Ä.** On eki tomdıq shıǵarmalar jınaǵı [Kekilbaev, A. A collection of works in twelve volumes] [Text]. – Almaty : Ulke Publishing House. – Vol.3. – 1999. – 400 p.

9 **Şalabay, B.** Qazaq tili biliminiñ мәseleleri [Shalabay, B. Problems of Kazakh language education] [Text]. – Almaty: «Arda», 2016. – 488 p.

10 **Aytmatov, Ş.** Janpıda [Aitmatov, Sh. Plaha] [Text]. – «Zhalyn» publishing house, Kazakh translation, 1988. – 323 p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

Г. Ж. Искакова

Средства выражения авторской модальности в художественном тексте

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

G. Zh. Iskakova

Means of expressing the author's modality in literary text

Sh. Ualikhanov Kokshetau State University,

Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

Material received on 10.12.20.

В статье обосновано понятие модальность в контексте лингвистических исследований, предложена краткая история изучения категории модальности в современной лингвистике и лингвистике текста, определено значение авторской модальности в процессе создания художественного текста. Исследована авторская модальность как коммуникативно-прагматическая и субъективно-оценочная категория. Указана роль стилистических средств в синтаксисе, в частности, парадигм форм передачи чужой речи, состоящей из конструкций с прямой, косвенной и несобственно-прямой речью.

В художественном тексте чужая речь может передаваться в виде пересказа, в частности как простое перечисление тем чужой речи, а также в форме прямой, косвенной и несобственно-прямой речи. Кроме того, разные фрагменты текста могут содержать разные комбинации основных форм чужой речи, в результате чего возникают смешанные построения той или иной степени сложности. В статье рассматривается функционирование несобственно-прямой речи как способа выражения авторской модальности. По мнению автора несобственно-прямая речь в художественных текстах характеризуется двуплановостью, контаминированностью речи автора и речи персонажа и в большей степени представлена восклицательными и вопросительными предложениями, вставными конструкциями. Семантика данных высказываний содержит различные оттенки модальности, выявление которых позволяет почувствовать авторское присутствие в произведении.

Ключевые слова: модальность, позиция автора, авторская модальность, художественный текст, стилистические средства, прямая речь, косвенная речь, несобственно-прямая речь.

The article deals with the modality in linguistic researches. The article touches upon the issue of a short history of the category of modality in contemporary linguistics and text linguistics; also it highlights the author's modality meaning in the process of literary text creation. Much attention is given to the differentiation of modality in syntax and text linguistics aspects. The author's modality is analyzed as a communicative-pragmatic and subjective-estimation category. The study focuses on the role of stylistic means of syntax, particularly, the ways of rendering non-author speech, consisting of constructions with direct, indirect and non-proper direct speech.

In an literary text, a strange speech can be conveyed in the form of a retelling, in particular as a simple listing of a strange speech, as well as in the form of direct, indirect and free indirect speech. Besides, different fragments of the text can contain different combinations of the basic forms of a strange speech, as a result some mixed constructions of this or that degree of complexity are appeared. The article considers experienced speech as technique of expression of modality of the author is under consideration of the author of the article. The author approves the position that experienced speech in literature texts is characterized by two-dimensional speech of the author and the personage. Experienced speech is mainly presented by the exclamatory and interrogative sentences and expletive constructions. Semantics of these includes different gradations of modality, that allows feeling the presence of the author himself while reading the novel.

Keywords: modality, author's position, author's modality, artistic text, stylistic means, direct speech, indirect speech, free indirect speeches.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz